БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БӘЙТЕРЕК АУДАНЫ ПЕРЕМЕТНЫЙ АУЫЛЫ «ЕРКЕМАЙ» БӨБЕКЖАЙЫ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

бұйрық № 10

Переметный ауылы 11.01.2021

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы**
**комплаенс функцияларын атқаратын**
**жауапты тұлға тағайындау туралы**

Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары М.Манкеевтің төралығымен 2020 жылдың 25 желтоқсанында өткен сабайлас жемқорлыққа қарсы қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі аймақтық комиссия отырысы хаттамасы мен обылыстық білім басқармасының 20.01.2021 –ғы № 5-15/235 шығыс хатын басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлықтын алдын алу, жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

**1.** Батыс қазақстан обылысы әкімдігі білім басқармасының бәйтерек ауданы переметный ауылы «еркемай» бөбекжайы» МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын атқаратын жауапты тұлға болып, әдіскер Ф.Е.Ерболатқызына тағайындалсын.

2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет атқаратын жауапты тұлғаның функционалдық міндеттері осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Негіздеме:** Орал қаласының білім беру бөлімінің 27.01.2021 жылғы рал қаласының білім беру бөлімінің 27.01.2021 жылғы № 1- 16/373 шығыс хаты

Таныстырылды: Ф.Е.Ерболат

«Еркемай» бөбекжайының» меңгеруші м.а: М.А. Кашпаева

БҚО әкімдігі білім басқармасының
Бәйтерек ауданы Переметный ауылы
«Еркемай» бөбекжайы МКҚК
бұйрығына қосымша

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс- қызмет атқаратын жауапты тұлғаның функционалықдық міндеттері:**

1. квазимемлекеттік сектор субьектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды дайындау;

2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;

3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

4.мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

5.мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субьектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді заңға сәйкес сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;

6. корпоративтік әдеп құндылықтарын дамыту:

7.квазимемлекеттік сектор субьектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сақтауын бақылау;

8. «Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдеріне ішкі талдацу жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жесқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

9. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

10. сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және / немесе оларға қатысу,

11. квазимемлекеттік сектор субьектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

12. квазимемлекеттік сектор субьектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

13. сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.

14. квазимемлекеттік сектор субьектісі жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік әдеп пен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаларын міндетті түрде сақталуын көздейтін ережелерді қосуды қамтамасыз ету.